

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазсушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» арасындағы өзара қызмет және ынтымақтастық туралы

МЕМОРАНДУМ

Қызылорда қаласы

« 12 » 09 2017ж.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазсушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорны атынан оның директоры Булат Сабырұлы Арыстанбаев, бір жағынан, әрі қарай «1-Тарап» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» атынан оның ректоры Бисенов Қылышбай Алдабергелұлы, екінші жағынан, әрі қарай «2-Тарап», бірлесіп «Тараптар», ынтымақтастық жасаудың келесі қағидалары туралы келісім жасады:

1-бап. Меморандум нысаны

1.1 Осы Меморандумның негізгі нысаны ҚР Президентінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында алға қойылған міндеттер мен қоғамның әлеуметтік жаңғыруына бағытталған іс-шаралар жүзеге асыруға, халықтың құқықтық мәдениеті мен сауаттылығын көтеру;

1.2 Тараптар арасындағы өзара ынтымақтастықты дамыта отырып, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазсушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жұмыс жасауға тілек білдірген түлектерін Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте жұмысқа тартуға ықпал ету жөнінде ынтымақтастық жасау болып табылады.

1.3 Осы меморандум негізінде Тараптар келесі өзара ынтымақтастық салаларын белгілейді:

- көп түрлі мәдениеттің, қоғамның дамуы, бүкіл әлемдік тарихи үдерістегі - қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы стратегиялық бағдарламаларды жүргізу саласында, су ресурстарының және нысандарының қадастырына және мониторингтік жұмыстарына талдау жасау және зерттеуге арналған семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу, элективті курстар енгізу;

- тиісті қызмет салаларында Тараптармен жинақталған білімдер мен тәжірибелермен алмасу, Тараптардың өкілдерінің олардың бірі ұйымдастырған іс-шараларға, ғылыми-әдістемелік семинарларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуын қамтамасыз ету;

- өндірістік және дипломалды студенттік іс-тәжірибеден өтуді ұйымдастыру және жаңа мазмұндағы су шаруашылығы мамандарын даярлау, екінші тараптың оқуын аяқтап, Су ресурстары комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазсушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалында жұмыс жасауға тілек білдірген түлектерін Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте жұмысқа тарту жөнінде ынтымақтастық жасау;

- Тараптар мен келісілген ынтымақтастықтың аясында басқа да жұмыстарды жүзеге асыру

2-бап. Тараптардың өзара іс-қимылдары

2.1 Осы Меморандум аясында Тараптар Қазақстан Республикасының Конституциясын басшылыққа алады, сондай-ақ ашықтық, адалдыққа, еркіндікке, өзара сенімге, Тараптардың ішкі жұмыстарына араласуды болдырмауға сүйенеді.

2.2 Осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселесінде туындаған мәселелерді қарау және бірлескен әрекеттер жасау үшін Тараптар бір-бірімен өздері сенім білдірген уәкілетті өкілдері арқылы іс-қимыл жасайды.

2.3 Осы Меморандум бойынша барлық өзгертулер мен толықтырулар Тараптардың келісімі арқылы жазбаша түрде рәсімделеді.

3-бап. Қорытынды ережелер

3.1 Тараптар осы Меморандумды бірлескен іс-қимылдар жасауда құқықтық және қаржылық міндеттемелер жүктемейтін құжат деп қарайды.

3.2 Тараптар сонымен бірге, осы Меморандум аясында жасалған іс-әрекеттер Тараптардың бірінің қандай да бір өкілеттігері мен құқықтарына қысым жасамауы тиістігіне сүйенеді.

3.3 Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

3.4 Осы Меморандумның әрекет ету саласына жататын мәселелер бойынша Тараптардың арасындағы келіспеушіліктер келіссөздер немесе Тараптар арасындағы кеңес берулер арқылы шешіледі.

3.5 Осы Меморандумға өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде Тараптардың өкілетті тұлғаларының қолы қойылып рәсімделеді және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

3.6 Осы Меморандум оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қолданылады.

3.7 Меморандум шектеусіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірінің қалауымен немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылғанға дейін күшінде болады.

3.8 Меморандум 2 данада қазақ тілінде жасалған.

ҚР БҒМ «Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университеті»
ШЖҚРМК
индекс 120014
Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі,
№29 «А»
тел: 8(7242)26-17-95,
факс: 8(7242)26-27-14;
e-mail: korkyt_ksu@mail.ru

Ректор


К.А. Бисенов
М.О.



ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің
Су Ресурстары Комитетінің «Қазсушар»
ШЖҚ республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының Қызылорда филиалы
Индекс 120014
Қызылорда қаласы, Төле-би көшесі, 66
Телефон: +7 (7242)- 233250

Директор


Б.С. Арыстанбаев
М.О.



